апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

№ 50/435
18 декабря 2015 года

## ТОРЖЕСТВЕННОЕ СОБРАНИЕ, ПОСВЯЩЕННОЕ ДНЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**15 декабря 2015 года. г.Астана, Государственный театр оперы и балета «Астана Опера».**

**Глава государства поздравил присутствующих и все население страны с национальным праздником – Днем Независимости.**

-Став свидетелем целых эпох, наш народ в своем развитии прошел сложный многовековой путь. Аль-Фараби говорил, что государство, как и человек, в своем существовании перешагивает через два порога. Первый – появление на свет, второй – вступление во взрослую жизнь. Каждый из этих этапов является неповторимым и ценным, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев отметил, что Казахстан, достигнув 24-летия, стремится к достижению великих целей.

-История является свидетелем великой борьбы нашего народа, которая была продемонстрирована во времена саков и тюрков, Казахского ханства и Великой Отечественной войны. Это наше прошлое и наша судьба. Заветная цель – обретение Независимости, к которой стремились наши предки, была достигнута нынешним поколением. Поэтому этот день является радостным и важным праздником, символизирующим исполнение мечты целых поколений. Ведь независимость и равенство, суверенитет и государственность являются ценными понятиями для любого народа, - сказал Президент Казахстана.

Глава государства обратил внимание, что всего за 24 года наша страна прошла процесс обновления и пользуется уважением во всем мире.

-За неполные четверть века мы прошли исторический путь, на который одни государства тратят века, а другие - вообще сходят с него ни с чем. Это стало возможным благодаря труду всех казахстанцев, вдохновленных мужеством предков и создающих путь для будущих поколений, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Президент Казахстана подчеркнул, что любить Родину – особое счастье.

-За Родину можно пройти через неимоверные испытания на пути к безграничным мечтам. Свой суверенитет мы обрели благодаряназиданиям предков, рассудительности народа. Независимость - волна истории, которую можно удержать только обладая сильным духом и крепким характером, - сказал Глава государства.

Нурсултан Назарбаев обратил внимание, что Независимость является большой ответственностью для всего народа.

-Приняв эту судьбу, посредством единства и труда мы без потерь идем своим историческим путем. Наш народ укрепил суверенитет, взяв путь на создание «Мәңгілік ел». Поэтому День Независимости – это великий праздник для всех казахстанцев и наших друзей во всех уголках мира, - сказал Президент Казахстана.

Глава государства отметил, что сегодня для казахстанцев становится уже привычным делить жизнь на периоды до и после провозглашения Независимости.

-16 декабря 1991 года Казахстан начал абсолютно новую историю. Мы, казахстанцы, стали основателями и первопроходцами казахстанской эры восхождения нации. Это самое точное название нашего благородного времени и всех наших великих достижений. Мы растём вместе с Независимостью Казахстана, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Президент Казахстана подчеркнул, что путь нашей страны заключается в единстве и согласии.

-Состоявшиеся в начале года президентские выборы показали, что мы успешно становимся нацией единого будущего. Хранить и укреплять единство и согласие - непростая работа. Она требует мудрости и такта, дальновидности и взаимоуважения всех граждан нашей страны. Наука утверждает, что каждый этнос на Земле обладает, как минимум, одним уникальным качеством. Наша жизнь показывает, что у 100 казахстанских этносов есть, по крайней мере, 100 особых и неповторимых черт. И все они в сумме дают уникальное преимущество нашей Единой Нации. Каждый этнос Казахстана - это наше достояние. Многоэтничность - наше общее великое сокровище. Вот уже 20 лет Ассамблея народа Казахстана успешно выполняет миссию главного хранителя этого богатства. Независимый Казахстан - наша большая семья и наш общий дом, - сказал Глава государства.

Нурсултан Назарбаев обратил внимание, что XXI век открыл человечеству новые измерения мировой экономики и политики, информационного и социального пространства.

-Идут колоссальные изменения всей архитектуры мира. Обнажились многие проблемы мирового развития. Сегодня 1,2 миллиарда человек живут в ареалах планеты, охваченных конфликтами и нестабильностью. Ежедневно 42 тысячи человек вынуждены покидать свои дома в поисках безопасности. Свыше 13 тысяч террористических актов унесли жизни 33 тысяч человек. Мы должны помнить об этом и ценить, что живём в совершенно других условиях – в мире и безопасности созидаем свою стабильную и динамичную страну, - сказал Президент Казахстана.

Глава государства отметил, что глобальный экономический кризис нарастает уже второй год подряд.

-Несмотря на эти трудности, 24-й год независимости оставляет в нашей памяти немало волнующих событий, имеющих особую значимость для Казахстана. Мы сохранили положительную динамику роста нашей экономики. Стартовала вторая пятилетка индустриального развития и программа «Нұрлы Жол». В 2015 году запущено 120 проектов на сумму 800 миллиардов тенге, создано 10 тысяч постоянных рабочих мест, введены тысячи квадратных метров жилья, в которое вселилась молодежь и малообеспеченные семьи, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Президент Казахстана подчеркнул и другие значимые события, произошедшие в жизни нашей страны.

-Казахстан вступил во Всемирную торговую организацию. Начал действовать Евразийский экономический союз. В этом году Казахстан вошёл в топ-лист 50 ведущих мировых экспортёров, заняв в нём 43 место. У нас растёт поколение мобильной, грамотной, креативной молодежи. В этом году состоялся первый выпуск 500 специалистов, подготовленных в Назарбаев Университете, ставшем в один ряд с ведущими вузами мира. Казахстан создал совместно с МАГАТЭ Международный Банк ядерного топлива, который размещается в нашей стране. Наш третий казахстанский космонавт Айдын Аимбетов совершил полёт на околоземную орбиту. Мы приступили к выполнению Плана нации. Символично, что его реализацию мы начинаем в канун 25-летия Независимости, - сказал Глава государства.



Нурсултан Назарбаев обратил внимание, что сейчас в обществе идёт активное обсуждение ежегодного Послания народу Казахстана.

-Я наблюдаю широкую поддержку тех задач, которые поставлены перед государством и обществом. В новом Послании обозначены задачи уже зрелой страны. Будущее в XXI веке – это не открытое поле, где можно проложить любые пути. Впереди нас ожидают ещё более сложные маршруты, чем в прошлом и настоящем. История никогда не бывает лишь хронологией одних побед. Если всегда всё было бы хорошо, не было бы самой истории. Кризисы учат науке побеждать. Поэтому сейчас стабильность приобретает ещё большую ценность. Стабильная экономика, стабильная политика, стабильное общество – это курс, который мы всегда проводили, - сказал Президент Казахстана.

Глава государства отметил, что за годы Независимости наша республика совершила невероятный рывок в историческом развитии.

-Наш Казахстан - Ұлы Дала Елі, Страна Преображенной Великой Степи. Это наше великое детище и наша величайшая гордость. Вне всякого сомнения, будущие поколения казахстанцев по достоинству оценят и будут гордиться нашими свершениями. Они будут находить в нашем опыте примеры мудрости, выверенных действий и несгибаемой стойкости перед любыми трудностями, - сказал Нурсултан Назарбаев.

В завершение Президент Казахстана еще раз поздравил всех с Днем Независимости нашей страны.

**по материалам сайта www.akorda.kz**

## В ПРИОЗЕРСКЕ ПРОШЛО ПРАЗДНОВАНИЕ ДНЯ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**15 декабря в здании ЦДЮТ «Достық» города Приозерск состоялось торжественное собрание, посвященное 24-летию Независимости Республики Казахстан.**

В этот день в Приозерске, как и во всех населенных пунктах нашей страны, прошли торжественные мероприятия, посвященные Дню Независимости Республики Казахстан. Открыл торжественное собрание аким города Камзин Кайрат Амангельдиевич, который выступил перед собравшимися с праздничным докладом.





В ходе торжественного собрания почетными грамотами акима области и акима города были награждены работники городских организаций, внесшие значимый вклад в социально-экономическое развити города. В торжественной обстановке также были вручены ключи от квартир детям-сиротам.

Далее с поздравительной речью выступили секретарь городского маслихата Б.Сарсембеков, заместитель председателя Приозерского филиала партии «Нұр Отан» Д.Дюсенбаев, заместитель начальника полигона Сары-Шаган В.Воронов и заместитель командира войсковой части 44841 Сидиков Б.




Торжественное собрание продолжилось концертом творческих коллективов города Караганды.

**Пресс-служба акима города Приозёрскда**

# ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫС БОЛЫП ӨТТІ



**15 желтоқсанда Приозерск қаласындағы «Достық» балалар мен жастар шығармашылығы орталығының ғимаратында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 24 жылдығына арналған салтанатты жиналыс өтті.**

Бірінші болып сөз алған қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин мерекелік баяндама жасап, тәуелсіздік жылдары қол жеткен толағай табыстарға тоқтала келе, қала тұрғындарын Ұлттық мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Күнімен құттықтады. Сонымен қатар қала әкімі қаламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бірқатар қызметкерлерге қала және облыс әкімдерінің құрмет грамоталары мен алғыс хаттарын, сондай-ақ жетім балаларға жаңа пәтердің кілтін салтанатты түрде табыс етті.





Одан соң, Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Б.Сәрсембеков, «Нұр Отан» партиясының Приозерск қалалық филиалының төрағасының орынбасары Д.Дүйсембаев, Сары-Шыған сынақ полигоны бастығының орынбасары В.Воронов және ҚР ҚК 44841 әскери бөлімі командирінің орынбасары Б.Сидиков жиналғандарды мерекемен құттықтап, өз тілектерін білдірді.

Салтанатты жиналыстың соңы Қарағанды қаласынан келген өнерпаздардың мерекелік концертіне ұласты.

**Б. Кенжебеков,**
*«Приозерский вестник» газеті*

# «ТӘУЕЛСІЗДІК!» - ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМ

2015 жылдың 14 желтоқсанында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалар бөлімінде «Тәуелсіздік!» - деп соғады жүрегім» атты патриоттық - композициялық кеш ұйымдастырылған болатын. Мерекеге сай бещендірілген залға 4 – 6 сынып оқушылары, ал көрермен ретінде жетекшілерімен бірге шақырылған 8-9 сынып оқушылары, сондай-ақ, тұрақты оқырмандармен қоса олардың ата-аналары лық толған. Іс-шараны ұйымдастырушылар оқырман қауымға жылдар бойы бабаларымыздың армандаған егемендігіне қол жеткізгенімізді, осы тәуелсіздікке жету жолында талай боздақтарымыздан айырылғанымызды ұмытпай, Желтоқсан көтерілісі туралы мәліметтер беруді, жасөспірімдерді Отанын сүюге, Желтоқсан құрбандарына әрдайым құрмет көрсетуге, адамгершілікке, ел мен жердің қадір – қасиетін ұғынуға тәрбиелеуді мақсат етіп қойған екен.



Іс-шара Қазақстан Республикасының Әнұранымен басталып, патриоттық әндер әуелете шырқалып, бишілеріміз мың бұрала билеп, тақырыпқа сай көркем сөз оқылып, шағын көрініс те қойылды. Көрініс желісі желтоқсан көтерілісіне қатысқан батыр қызымыз Ләззат Асанованың қайтпас - қайсар ерлігі үшін қойылған ескерткішіне арналған еді. Осы «Желтоқсан құрбандарына арналған ескерткіш басында» атты шағын көрініске қатысқан оқырмандар өздерінің актерлік шеберліктерімен көзге түсті. Кеш соңында оқырмандардың назарына тақырыпқа сай құрылған «Ар-намысым, қасіретім, мақтанышым - Желтоқсан» және «Қазақстан Тәуелсіздік жолында» атты кітап көрмелері ұсынылды. Көрмеге тәуелсіздік туралы және Елбасымыз жайлы кітаптар, желтоқсан құрбандарының фотосуреттері және олар жайлы мәліметтер қойылды. Кеш соңында ата-аналар ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, «Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!» - деген тілектерін білдіріп жатты.



**Б. Жармағамбет**



# БАСТЫ НЫСАНА – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Өткен аптаның сейсенбісі күні Приозерск гарнизонының 06708 әскери бөлімінің әскери қызметшілері Приозерск қаласының №1 жалпы орта білімдік мектебінде Қазақстанның Тәуелсіздігі күніне орай ұйымдастырылған салтанатты жиынға арнайы шықырылып, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесінен сырт қалмайтындықтарын көрсете білді. Жас ұрпақтың бойында патриоттық тәрбие қалыптастырып, өз Отанын сүюге, ерлікке, батыл болуға және өз Отанын қорғай алатын азамат болып қалыптасуларына үлес қосуды көздеген салтанатты жиында бөлімнің қамтамасыз ету батальоны командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары майор Н.З.Хасенов «Қазақстан Тәуелсіздігі – Мәңгілік Ел болудың биік тұғыры» тақырыбында баяндама жасады.




Салтанатты жиында мектеп директоры П.А.Жұмаханова құттықтау сөз сөйледі. Қалалық оқу бөлімінің әдіскері П.И.Шойбекова да ұстаздар мен оқушыларды Қазақстанның Тәуелсіздігі күнімен құттықтап, бір топ білім саласының мамандарын және білім нәрімен сусындап жүрген озат оқушыларды мадақтама қағаздарымен марапаттады. Жиынның басты мақсаты үздік оқушыларды «Жас ұлан» тобына мүшелікке қабылдау болғандықтан, жүргізушінің нұсқауымен салтанатты рәсім тартымды әуен ырғағымен жалғасын тауып кетті. Білім ошағының бірқатар балғын үздіктерінің жағалары Тәуелсіз Қазақстанның көк Байрағы түстес галстуктерімен көмкеріліп, кеуделеріне «Жас ұлан» төсбелгілері тағылды.




Салтанатты жиын соңы әсем әуенге ұласты. 06708 әскери бөлімінің келісімшарт бойынша ефрейторы М.Нұрмановтың орындауындағы басталған «Елім менің» әні мектеп оқушылары Т.Сағадинов, Ж.Ағилен және Н.Коляр орындап шыққан «Көк тудың желбірегені», «Қазақ елі осындай», «Қазақстаным алға!» әндерімен жалғасын тауып жатты.

Мектеп табалдырығындағы тәрбиенің ең маңыздысы – оқушыларға патриоттық тәрбие беру болғандықтан, Қазақстанның Тәуелсіздігі күніне арналған іс-шара өз жемісін беріп, келешекте ел қорғандарының белсене атсалысуымен жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу мақсатындағы бас қосулардың мол бола беретіндігіне сенімдіміз.

**Б. Алшымбекұлы**
*«Приозерский вестник» газеті*

*Халықаралық байқаудың жүлдегерлері*

# "АЙНАЛАЙЫН" ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Жақында "Айналайын" бүлдіршіндері тағы да жүлделі орынмен оралды. Біздің бүлдіршіндеріміз өз өнерлерімен үлкен сахнаны бағындырып, жетістікке жетті. Астана қаласында өткен халықаралық "Легенда востока" фестиваль-байқауына қатысып, эстрада-вокал жанры бойынша өнер көрсетті. Бүлдір-шіндеріміз жетекшілерінің берген тәлімін құлақтарына құйып, бойларына сіңіру арқылы осындай биік шыңдарды бағындырды. Балалардың сахнадағы өнеріне ұйымдастырушылар мен халық риза болды. Балабақшамыздың сүйікті әншісі халықаралық «LUCKY PEOPLE» өнер ассоциациясының «Евразия жұлдыздары» жобасы бойынша, халықаралық «Жаңа жылдық карнавал» балалар мен жасөспірімдер өнері бойынша өткізілген байқау фестивалінің лауреаты 2 жүлде иегері Әлімхан Дарын бұл жолы 1 орынды иеленді. Алғаш үлкен сахнада ән айтқан Мырзабек Дария 1 орынды, өздерінің әнімен тандандырған Архабаева Айсана, Ғалымжанова Айзере және Ермекбай Нұрым 2 орынды иеленіп, фестиваль лауреаттары атанып қайтты. Осылай кішкентай бүлдіршіндеріміз "Айналайын" балабақшасының атын шығарып, Қарағанды облысының абройын асқақтатты.



Бала тәрбиесінде, "Бұлақ көрсең, көзін аш" - дегендей музыка жетекшісінің шәкірттеріне деген сүйіспеншілігінің арқасында, балалардың өнерге деген қызығушылығы артуда. Өнерпаздарымызды қолдаудың арқасында, бүлдіршіндеріміз осындай жеңістерге жетіп келеді. Біздің балабақша өнерпаздары вокал және би номинациялары бойынша облыстық, республикалық, халықаралық фестивальдарға қатысып жүлделі орындар алып жүр. Бүлдіршіндерді Отанын сүюге, үлкенді сыйлауға, достыққа, мейрімділікке, өнер сүйгіштікке тәрбиелеуде музыканың алар орны зор. Бүлдіршіндеріміздің өнерге деген қызығушылығын арттырып, оларға қолдау көрсетіп отырсақ, әрине нұр үстіне нұр болар еді. Еліміз аман, тәуелсіздігіміз мәңгі болып, ұрпағымыз адал болғай, балаларымыздың өнері өрге тасысын. Әншілерімізді қолдаған басшылыққа, ата-аналарға, әрине өнерпаз бүлдіршіндерімізге үлкен алғыс айтамыз.

**М. Сүлейменов,** *«Айналайын» бөбекжайының музыка жетекшісі*



ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

## 18 ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы № 63 «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңы және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы №319 «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу қағидалары» бұйрығына сәйкес 18 дейінгі балаларға арналған жәрдемақы тағайындалады.

Балаларға арналған жәрдемақы орта есеппен жан басына шаққандағы айлық табысы облыстарда, Астана және республикалық маңызы бар қалаларында белгіленген азық-түлік себетінің құнынан төмен отбасыларға тағайындалады.

Отбасының жиынтық табысы - отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған табысының жалпы сомасы.

Отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы - отбасы жиынтық табысының отбасының әрбір мүшесіне ай сайын келетін үлесі.

2015 жылдың 3 тоқсанына белгіленген азық-түлік себетінің құны – 11023 теңгені құрады.

Балаларға арналған жәрдемақы отбасының асырауындағы он сегіз жасқа дейінгі әр балаға тағайындалады.

Балаларға арналған жәрдемақы отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы табысы ескеріле отырып ағымдағы тоқсанға тағайындалады және өтініш берген айдан бастап ай сайын төленеді.

Баланың еңбекке жарамды ата-анасы жұмыс істемейтін, күндізгі оқу бөлімінде оқымайтын, армияда қызметін өткермейтін және жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген кезеңге балаларға арналған жәрдемақы тағайындалмайды, мына жағдайдан басқа әкесі немесе анасы үш жасқа дейінгі бала тәрбиесімен айналысатындар, 80 жастан асқан тұлғалар, мүгедек балалар, 1 және 2 топ мүгедектерін қараумен айналысатындар.

Тұрғылықты жері бойынша балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі «Приозерск қаласының жұ-мыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ - іне немесе Халыққа қызмет көрсету орталығына өзінің және барлық отбасы мүшелерінің ЖСН болған кезде нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

**Анықтама үшін телефондар:**
**-8(71039)53267, 8(71039)52108.**

## ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПОСОБИЕ СЕМЬЯМ, ИМЕЮЩИМ ДЕТЕЙ ДО 18 ЛЕТ

На основании Закона Республики Казахстан от 28 июня 2005 года № 63 «О государственных пособиях семьям, имеющим детей» и Приказа Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 5 мая 2015 года № 319 «Правила назначения и выплаты государственных пособий семьям, имеющим детей» назначается государственное пособие семьям, имеющим детей.

Пособие на детей назначается семьям с месячным среднедушевым доходом ниже стоимости продовольственной корзины, установленной в областях, городах республиканского значения, столицы.

Среднедушевой доход семьи - доля совокупного дохода семьи, приходящаяся на каждого члена семьи в месяц;

Совокупный доход семьи - общая сумма доходов, полученных семьей, как в денежной, так и в натуральной форме.

Продовольственная корзина на 3 квартал 2015 года составляет – 11023 тенге.

Пособие на детей назначается на каждого находящегося на иждивении семьи ребенка до восемнадцати лет.

Пособие на детей назначается на текущий квартал с учетом среднедушевого дохода семьи и выплачивается ежемесячно с месяца обращения.

Пособие на детей не назначается на период, когда в семье трудоспособные родители ребенка не работают, не учатся по дневной форме обучения, не служат в армии и не зарегистрированы в качестве безработного в органах занятости, кроме случаев, когда отец или мать заняты уходом за инвалидами 1, 2 группы, детьми инвалидами, лицами старше 80 лет, ребенком до 3 лет.

Для назначения пособий на детей заявитель обращается по местожительству в ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск» по назначению и выплате пособия на детей или в Центр обслуживания населения, при наличии ИИН на себя и на всех членов семьи с заявлением по форме.

**Телефоны для справок:**
**8(71039)53267, 8(71039)52108.**

## МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалады.

Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, босқындардың, шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар.

жан басына шаққандағы орташа табыс – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

кедейлік шегі – атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін айқындау үшін өлшемшарт ретінде белгіленетін, бір адамға шаққандағы ақшалай кірістің шекті ең төмен шамасы.

2015 жылдың 3 тоқсанына кедейлік шегі – 7348 теңгені құрады.

Мыналарға:

1) мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ I және II топтардағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан жазбаша түрде бас тартқан Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтарына;

2) уәкілетті органдар ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысуды және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

Жұмыссыз адам жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналасқан, кәсіби даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілген күннен бастап, ал Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтары жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан күннен бастап атаулы әлеуметтік көмек қайта қалпына келтіріледі.

Адам (бұдан әрі – өтініш беруші) атаулы әлеуметтік көмек тағайындалуы үшін өз атынан немесе отбасы атынан белгіленген үлгідегі өтінішпен және тізбесін құжаттарымен қоса тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш жасайды.

**Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ – сі, мекенжайы Приозерск қаласы, Балхаш көшесі 7 үйге жолығуға болады, анықтама үшін телефондар:**
**-8(71039)53267, 8(71039)52108.**

## ГОСУДАРСТВЕННАЯ АДРЕСНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ

На основании Закона Республики Казахстан от 17 июля 2001 года № 246 «О государственной адресной социальной помощи» и Приказа Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 5 мая 2015 года № 320 «Об утверждении Правил назначения и выплаты государственной адресной социальной помощи» назначается государственная адресная социальная помощь.

Право на адресную социальную помощь имеют граждане Республики Казахстан, оралманы, беженцы, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие в Республике Казахстан, со среднедушевым доходом, не превышающим черты бедности.

Среднедушевой доход - доля совокупного дохода семьи, приходящаяся на каждого члена семьи в месяц;

Черта бедности – предельная минимальная величина денежного дохода на одного человека, устанавливаемая в качестве критерия для определения размера адресной социальной помощи.

Черта бедности за 3 квартал 2015 года составляет – 7348 тенге.

Адресная социальная помощь не назначается:

1)безработным, не зарегистрированным в уполномоченных органах по вопросам занятости и трудоспособным гражданам Республики Казахстан, письменно отказавшимся от участия в активных мерах содействия занятости, кроме инвалидов и лиц, в период их нахождения на стационарном лечении более одного месяца, учащихся, студентов, слушателей, курсантов и магистрантов очной формы обучения, а также граждан, занятых уходом за инвалидами I и II группы, лицами старше восьмидесяти лет, детьми в возрасте до семи лет;

2)безработным, без уважительных причин отказавшимся от предложенного уполномоченными органами трудоустройства, в том числе на социальное рабочее место или общественную работу, от профессиональной подготовки, переподготовки, повышения квалификации, самовольно прекратившим участие в таких работах и обучении.

Адресная социальная помощь безработному восстанавливается со дня его трудоустройства, в том числе на социальное рабочее место или общественную работу, направления на профессиональную подготовку, переподготовку, повышение квалификации, а трудоспособным гражданам Республики Казахстан со дня участия в активных мерах содействия занятости.

Лицо (далее – заявитель) от себя лично или от имени семьи обращается за назначением адресной социальной помощи в уполномоченный орган или центр обслуживания населения по месту жительства с заявлением установленного образца и приложением документов.

**Для назначению государственной социальной помощи обращаться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск» который находится по адресу г.Приозерск, улица Балхашская 7, телефоны для справок: 8(71039)53267, 8(71039)52108.**

## ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРДЫҢ ШЕШІМДЕРІ БОЙЫНША МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының және Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы №34/238 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешімінің негізінде жергілікті бюджет есебінен біржолғы материалдық көмек тағайындалады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, азаматтығы жоқ адамдардың біржолғы материалдық көмек алуға құқығы бар.

Приозерск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы №34/238 шешімімен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасының 9 тармағына сәйкес азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіздеме болып табылады:

-табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) немесе оның мүлкіне зиян келтірілсе;

-әлеуметтік мәні бар ауруының болуы (онкологиялық аурумен ауыратындар, адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы ауруымен ауыратындар және құрт ауруының түрлі формаларымен ауыратындар);

-бес еселік мөлшерден аспайтын жан басына шаққандағы орташа айлық табыстың болуы.

Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1)жеке басын куәландыратын құжат;

2)тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3)осы Қағиданың 1 қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;

4)адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5)өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Әлеуметтік көмектің мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

**Толық ақпаратты алу үшін «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, Приозерск қаласы Балқаш көшесі 5 мекен жайы бойынша келіп жолығуға болады, анықтама үшін телефондар:**
**- 8(71039) 54940, 8(71039)52108.**

## НАЗНАЧЕНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ ОТДЕЛЬНЫМ КАТЕГОРИЯМ НУЖДАЮЩИХСЯ ГРАЖДАН ПО РЕШЕНИЯМ МЕСТНЫХ ПРЕДСТАВИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ

На основании Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и решения Приозерского городского маслихата от 25 июня 2014 года №34/238 «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск» назначается единовременная материальная помощь из средств местного бюджета.

Право на единовременную материальную помощь имеют граждане Республики Казахстан, оралманы, лица без гражданства, постоянно проживающие на территории Республики Казахстан.

Согласно пункта 9 Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан города Приозерск, утвержденных решением Приозерского городского маслихата от 25.06.2014 года №34/238 основаниями для отнесения к трудной жизненной ситуации являются:

-причинение ущерба гражданину (семье) либо его имуществу вследствие стихийного бедствия или пожара;

-наличие социально значимого заболевания (онкологические заболевания, различные формы туберкулеза, ВИЧ/СПИД);

-наличие месячного среднедушевого дохода, не превышающего пятикратного размера к прожиточному минимуму.

Для получения социальной помощи при наступлении трудной жизненной ситуации заявитель от себя или от имени семьи в уполномоченный орган представляет заявление с приложением следующих документов:

1)документ, удостоверяющий личность;

2)документ, подтверждающий регистрацию по постоянному месту жительства;

3)сведения о составе лица (семьи);

4)сведения о доходах лица (членов семьи);

5) акт и/или документ, подтверждающий наступление трудной жизненной ситуации.

Документы представляются в подлинниках и копиях для сверки, после чего подлинники документов возвращаются заявителю. Размер оказываемой социальной помощи определяет специальная комиссия и указывает его заключении о необходимости оказания социальной помощи.

**За полной информацией обращаться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» который находится по адресу г.Приозерск улица Балхашская 5.**

**Телефоны для справок:**
**8(71039) 54940, 8(71039)52108.**

*Өнерлі – өрге жүзер!..*

# «АЙГӨЛЕК» БАЛАЛАР БАЙҚАУЫ

Балабақша табалдырығынан аттаған әрбір бүлдіршіннің өзіне тән мінез-құлқы, отбасыда алған тәрбиелік қалыбы, ұмтылысы мен қарым-қабілеті болатыны табиғи жағдай. Болашақта баланың қандай азамат болып өсетініне іргетас қалап, бағыт-бағдар берудегі отбасымен қатар, балабақшаның және оның тәрбиешісінің де алатын орны ерекше. Кішкентай балалар айналада болып жатқан кез-келген құбылысқа қызыққыш, ұстап, байқап немесе кез-келген нәрсенің дәмін татып көруге құмартып тұратыны да қалыпты жәйт. Баланы неден аулақ ұстап, неге көбірек мән беруіне көңіл бөлу де балабақша тәрбиешілерінің міндеті болып саналады. Баланың әнге, биге, жалпы өнерге құштарлығы да осы өзі тәрбиеленіп жатқан балабақша қабырғасында байқалады. Сондай құмарлығын байқаған бойда оны дұрыс баули білсең, бұндай баланың тума талантын ашуға да, келешекте жақсы өнерпаз болуына да бағдар беріп, жарқын жол аша аласың. Сондықтанда барлық балабақшада осы мақсаттағы бүлдіршіндер арасында өнер байқауларын өткізіп, оларды көтермелеп отырудың маңызы өте зор.

«Айгөлек» балалар байқауы – балаларға арналған бағдарламалар арасындағы үздік жобалардың бірі. Аталмыш бағдарлама өнер өлкесіне құлаш сермеген өрендердің өздерін сахына төрінде, көрермен алдында сынап көретін тартыс алаңына айналған бағдарлама. Жуықта осындай «Айгөлек» байқауы «Еректай» шағын орталығында топтар тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен өткізілді. Балалар үшін үлкен маңызға ие бұл сайысқа бүлдіршіндер үлкен дайындықпен келгенін байқатты. «Айгөлек» байқауы екі кезеңнен, яғни ән және биден жарысқа түсетін кезеңінен құрылды. Олардың өнер сайысын арнайы құрылған қазылар алқасы бақылап, бағалап отырды.

Ән байқауында «Күншуақ» тобының тәрбиеленушілері Каусар, Дария, Еркежандар «Ойыншықтар» әнімен өнерлерін көрсетсе, «Жұлдыз» тобынан Тұмар мен Камила «Балапан» әнін тарту етті. Сондай-ақ, «Құлыншақ» тобының жігіттері Мұқаметжан, Әділжан және Аян көрермендерді «Қошақан» әнімен тәнті етті. «Құлыншақ» тобының әнші қызы Аяулым «Ертегілер» әнін орындап көрермендерді таң қалдырды.

Екінші кезең бойынша «Балапан» тобының бүлдіршіндері «Кішкентай жұлдыздар» биін биледі. «Күншуақ» тобының бишілері «Single Ladies» биімен көрермендерді таң-тамаша етті. «Жұлдыз» тобының балалары «Арам-зам-зам» биін билесе, «Құлыншақ» тобының тәрбиеленушісі Анна қызымыз «Қуыршақ» биін мәнеріне келтіре билеп, тамашалаушылардың қызу шапалағы мен қошеметіне ие болды.




Сайыстың аты сайыс. Байқау болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Бұл өнер бәйгесінде де өнерпаз балалар көрсеткен өнерлеріне қарай бағаланып, тиесілі орындарын алды. «Еркетай» шағын орталығында өткізілген «Айгөлек» балалар байқауында бірінші орынды «Жұлдыз» тобының бүлдіршіндері айқын басымдылықпен жеңіп алды. Екінші орын «Күншуақ» тобының балаларына бұйырса, жүлделі үшінші орынды «Құлыншақ» және «Балапан» топтарының балалары өзара бөлісті. Бүлдіршіндеріміз «Еректай» шағын орталығы басшылығы тарапынан мақтау қағаздарымен марапаттады және өздерінің өнерін паш етіп, мадаққа ие болған балақандардың қуанышында шек жоқ еді. Сөз соңында біздің шағын орталығымызда осындай байқауларда өнерлерімен қуантатын тәрбиеленуші бүлдіршіндеріміз көп болсын дегіміз келеді!

**Мадина КАБАБАЕВА,**
*«Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі*

*Нет коррупции!*

# НАЧНЕМ С ПРОФИЛАКТИКИ

**«Мудрый законодатель начинает не с издания законов, а с изучения их пригодности для данного общества».**

Трудно переоценить ту опасность, которую представляет собой коррупция для государства, общества и каждого конкретного человека в отдельности. В стране, пораженной коррупцией, резко снижается эффективность экономики, усугубляются нищета и социальное неравенство, расширяется пропасть между обществом и властью, политика превращается в сферу дележа национального богатства, разлагаются нравственные устои общества, наносится непоправимый ущерб престижу страны на международном уровне.

Коррупция демонстрирует полное безразличие государственных должностных лиц к общественной пользе, закону, народу. Она угрожает верховенству закона, демократии и правам человека, подрывает доверие к власти, принципы государственного управления, равенства и социальной справедливости, препятствует конкуренции, затрудняет экономическое развитие. Борьба с коррупцией в Казахстане определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики. Как показывает логика экономической жизни, выполняя ежедневно одно и то же, мы не получим новых результатов. Чтобы добиться результатов, нужно изменить то, что мы делаем. Такое высокое требование ставит перед нами Президент РК Нурсултан Назарбаев, и чтобы его реализовать, нам нужно изменить сознание, способ своего мышления и управления.

Борьба с коррупцией не может эффективно осуществляться только путем карательных и контрольных функций, необходимо применение адекватных мер экономической и поощрительной направленности.

Коррупция ослабевает, когда вместе с сильным государством против этого явления выступает само общество.

**В.Крупский**
***Юрисконсульт Отдела занятости и социальных программ***

*Сот залынан*

# ЖАЗЫҚТЫ ЖАЗАСЫН АЛДЫ

**Газет редакциясы алдағы уақытта «Сот залынан» айдарымен өз оқырмандарын қаламызда орын алып жатқан қоғамда өте маңызды резонанстық қылмыстар туралы ұдайы хабардар етіп отыруды жөн көріп отыр. Бүгінгі сондай қылмыстардың бірі – жол-көлік оқиғасының салдарынан адам өлімінің орын алуына себепкер болған жазықты Қ.А.Жумамуратовқа қатысты қылмыстық істің сотта қаралуы туралы сөз болмақ.**

Өткен жылдың 14-желтоқсанына қараған түні 04:00 сағат шамасында азамат Жумамуратов Кайрат Айтмуратулы «Nissan Primera» маркалы, м/н 176 ЕВА 09 автокөлік құралын сенімхат арқылы басқарып, Приозерск қаласындағы Достық көшесі бойымен қатты жылдамдықпен келе жатқанда, автокөлікті игере алмай қалып, автожолдың қарсы бағытына, шығына шығып кетіп, жол шетінде орналасқан жарық бағанасына соғылған. Жол-көлік оқиғасы салдарынан автокөлікте отырған азамат Мырзаев С.Б. ауыр дене жарақатын алып, қалалық ауруханаға жеткізілгенімен, бірнеше сағаттан кейін қайтыс болған.

Үстіміздегі жылдың 30 наурызында Приозерск қалалық соты алдын ала тергеу орындарынан келіп түскен қылмыстық істі қарап, азамат К.А. Жумамуратовтың жасаған қылмысының қоғамға қауіптілігін, ауыр салдарын, яғни адам өліміне әкелгендігін, сонымен қатар бір жыл ішінде 6 рет жол жүргізу ережесін бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартылғанын, соңғы рет ол әкімшілік жаза ретінде автокөліктерді жүргізу құқығынан айырылғанын, бірақ бұдан ол өзіне тиісті қорытынды жасамай , автокөлікті заңсыз жүргізіп, жол-көлік оқиғасына жол бергендігін ескере келе, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 345-баптың 3-бөлігімен Кайрат Айтмуратулы Жумамуратовты кінәлі деп танып, оған 2 (екі) жыл 6 (алты) ай бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау және оны автокөліктерді жүргізуге байланысты белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқынан 3 (үш) жыл мерзімге айыру туралы үкім шығарған болатын.

Алайда, үстіміздегі жылдың 12-мамырында және 4-тамызында Қарағанды облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы жәбірленуші мен адвокаттың Приозерск қалалық сотының апелляциялық шағымдарына байланысты қылмыстық істі қарап, қалалық соттың үкімін өзгертіп, сотталушының қылмысын бұрынғы Қылмыстың кодекстің 296-бабының 2-бөлігіне ауыстырып дәрежелеп, бас бостандығынан айыру жазасын жартты түрдегі жазаға ауыстырған.

**Айдарды дайындаған Б.Алшымбекұлы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Қалалық мәслихаттың кезекті XLVII – ші сессиясы 2015 жылдың 22 желтоқсан күні сағат 11.00-де өтеді.**
**Сессия төрағасы Т.Қарабалаев**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Очередная XLVII - ая сессия городского маслихата будет проводиться 22 декабря 2015 года в 11.00 часов.**
**Председатель сессии Т.Карабалаев**


## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

### НЕДВИЖИМОСТЬ

**Продам**

**Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59**

***

**Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11**

***

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:**8-701-481-47-98, 8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40**

**Рассмотрим варианты!**

### УСЛУГИ

**Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мади. Тел. 8702-698-86-13**

### К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

**Предлагаем катализатор MPG-BOOST™.**

Катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ), способствует экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

**MPG-BOOST™** способствует:
-улучшению работы двигателя;
-снижению шумов;
-улучшению смазки клапанов;
-уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
-усовершенствованию увлажнения;
-снижению расхода топлива.

**По вопросам приобретения** обращаться по телефону: **+7 (702) 604-02-60**

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**
**Ждем Вас по адресу:** ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81
**Время работы:** с 10.00 час. до 19.00час.
**Выходной** - Понедельник
**На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-778-854-18-33**



**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ ***№ 50/435*** Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041



*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*